

## Құрметті Қазақстан Республикасы жоғары сотының төрағасына алғыс хат.

Қазақ халқы үшін бітімгершілік-билік айтудың ең өнегесі. Тоқсан рулы елдің дауларын тоғыз ауыз сөзбен түйіндеп, татуластырып отырған дана бабаларымыздың бірегей дара тұлғалары –Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер бастаған дана билердің ел арасындағы кез келген дау-дамайды бітімгершілік жолымен шешіп, халқымыздың бірлігін, жеріміздің тұтастығын сақтап отырған. Яғни, Елімізде 2011 жылдың 28 қаңтарда қабылданған «Медиация» туралы Заңы сот жүйесіне жаңашыл өзгеріс енгізіп, дауды шешудің тағы бір тиімді жолын айқындады.

Медиацияның тиімділігі жөнінде тағы бір ескере кететін жәйт-шешімнің орындалу деңгейі жоғары болмақ. Медиация азаматтар арасындағы қарым-қатынаста талас-тартыс деңгейін төмендетуге, тараптардың қарым-қатынас мәдениетінің, этикасының жоғарылануына, ерікті түрде орындалатын шешімдердің көбеюіне әкеледі деген сенім тудырады.

Бітімгершіліктің басты мақсаты –қылмыс жасаушылар қатарын бірыңғай бас бостандығынан айыру жазаларымен жазалау емес, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау және қалпына келтіру.

Соның негізінде Медиация заңын кеңінен насыхаттап, дауласушы тараптарды бітімгершілікке шақыру мақсатында Қарабұлақ ауыл әкімдігінің ғимаратында медиация кабинеті ашылды.

Мен 1996-жылдан Қарабұлақ ауыл әкімі орынбасары қызметін атқарған кезде «Отбасыны бекіту» комиссиясін басқардым. Содан бері тұрмыстық отбасылық дау дамайларға араласып қаншама бітімгершіліктерге қол жеткездім. Қазіргі таңда 2013 жылдан бастап қоғамдық медиатор ретінде жұмыс істеудемін.

Аталған сауапты жұмысты атқаруда Сайрам аудандық сотының төрағасы Берік Тыныбековтің, Қарабұлақ ауыл әкімшілігі қызметкерлерінің, ауылдың бас имамы, «Нұр Отан» партиясы мүшелерінің, ауылдың құрметті азаматтарының көмектері орасан зор. Олардың көмектерінің арқасында қаншама шаңырықтар сақталып, балалардың жетім болмауының алдын алытуда. Басқада дау-дамайлардың оң шешімі табылуда.

Сайрам аудандық сотының төрағасы Берік Тыныбеков біздің Сайрам ауданында сот төрағасы болып жұмыс істегенінен бастап аудан халқының

Қазақстан Республикасының  
Жоғары Соты  
03 06 2019 ж.  
Кіріс № 2303 Бет 1

құрметіне бөленіп келеді. Оның кіші пейілділігі, адамгершілігі мол. Мен 47 жылдық еңбек өтілімде қаншама басшыны көрдім.

Аудан сотының төрағалары бізді танымасада, сөйлеспес еді. Берік Тыныбеков болса біздермен, барлық кәсіби, қоғамдық медиаторлармен жиі-жиі кездесіп ақылдасып жұмыс істейді соның нәтижесінде бізде кәзір қылмыстар азайып, дауласқандар келісіп кетуде. Мен Берік Тыныбековтың атқарып отырған жұмыстарын жоғары бағалап, ол биіктерден көрінуіне лайық бір тұлға деп, қарапайым халық үшін аудан судьяларының жасап жатқан еңбектерін елеп, сіздің тарапыңыздан бағалы сыйлықпен немесе орден медалмен марапаттауыңызды көпшілік медиаторлар атынан сұранамын.

Султанова Мамлакат Рахимкуловна



Түркістан облысы Сайрам ауданы

Қарабұлақ ауылы медиаторы